2021 жылғы 3 тамыздағы №286
Қоғамдық тыңдауларды
өткізу қағидаларына
қосымша 4

**Ашық отырыстар нысанындағы қоғамдық тыңдаулардың хаттамасы «Аягөз ауданы, Абай облысындағы (Майқапшыған кен орны) учаскелерінде тәжірибелік-өнеркәсіптік мыс пен алтын өндіру мақсатында жүргізілетін барлау жұмыстары жоспарына» қатысты ықтимал әсерлер туралы есеп. Қамтылған блоктар: М-44-121-(10г-5г-11), М-44-121-(10г-5г-12), М-44-121-(10г-5г-13), М-44-121-(10г-5г-18), М-44-121-(10г-5г-22), М-44-121-(10г-5г-23), М-44-121-(10г-5г-24), М-44-121-(10г-5г-25), М-44-121-(10д-5в-21), М-44-121-(10д-5в-22), М-44-121-(10д-5в-23), М-44-121-(10д-5в-24), М-44-121-(10д-5в-25) бойынша есеп.**

1. Аумағында қызмет жүзеге асырылатын немесе аумағына ықпал етілетін әкімшілік аумақтық бірліктің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының жергілікті атқарушы органының атауы:: *«Абай облысы, Аягөз ауданы, Малгелдин ауылдық округі әкімдігінің мемлекеттік коммуналдық мекемесі».*

2. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбы: *«Аягөз ауданы, Абай облысындағы (Майқапшыған кен орны) учаскелерінде тәжірибелік-өнеркәсіптік мыс пен алтын өндіру мақсатында жүргізілетін барлау жұмыстары жоспарына» қатысты ықтимал әсерлер туралы есеп. Қамтылған блоктар: М-44-121-(10г-5г-11), М-44-121-(10г-5г-12), М-44-121-(10г-5г-13), М-44-121-(10г-5г-18), М-44-121-(10г-5г-22), М-44-121-(10г-5г-23), М-44-121-(10г-5г-24), М-44-121-(10г-5г-25), М-44-121-(10д-5в-21), М-44-121-(10д-5в-22), М-44-121-(10д-5в-23), М-44-121-(10д-5в-24), М-44-121-(10д-5в-25) бойынша есеп.*
(қарастырылатын жобалау материалдарының толық, нақты атауы)

3. Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар жіберілген қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның және облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының атауы. *«Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті Абай облысы бойынша Экология департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі.*

4. Көзделіп отырған қызметтің орналасатын жері: Абай облысы, Аягөз ауданы, Малгелдин ауылдық округі.
Жақын елді мекен орналасқан:
Учаске Абай облысы Аягөз ауданының Мәлгелдин ауылдық округінде орналасқан, Аягөз қаласынан шамамен 190 км қашықтықта. Жұмыс жүргізілетін учаскеге ең жақын елді мекен — Қорық ауылы, ол учаскеден 7,5 км қашықтықта орналасқан.
Жер қойнауы (өндіру)учаскесінің бұрыштық нүктелерінің координаттары

| Нөмірі бұрыштық нүктелер | Бұрыштық нүктелердің координаттары | |
|---|---|---|
| | Солтүстік ендік | Шығыс бойлық |
| 1 | 48°22'59" | 78°5'00" |
| 2 | 48°23'00" | 78°8'00" |
| 3 | 48°20'59" | 78°15'00" |

| | | |
|---|---|---|
| 4 | 48°19'59" | 78°14'59" |
| 5 | 48°19'59" | 78°6'00" |
| 6 | 48°21'59" | 78°4'59" |

(толық, нақты мекен-жайы, болжанатын қызмет учаскесінің географиялық координаттары)

5. Көзделіп отырған қызметтің ықтимал әсеріне қатысы бар барлық әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауы: Абай облысы, Аягөз ауданы, Малгелдин ауылдық округі.
(оның ішінде нақты атауы, заңды және нақты мекенжайы, БСН, ЖСН, телефондары, факстары, электрондық пошталары, сайттары)

6. Көзделіп отырған қызмет бастамашысының деректемелері және байланыс деректері: «COPPERMAN MINING» ЖШС. Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Әл-Фараби көшесі, 38-үй. БСН: 231040040800, Тел.: 8-705-663-15-86. E-mail: albina1698@mail.ru.
(оның ішінде нақты атауы, заңды және нақты мекенжайы, БСН, ЖСН, телефондар, факстар, электрондық пошталар, веб-сайттар)

7. Ықтимал әсерлер туралы есептерді әзірлеушілердің немесе стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есептерді дайындау бойынша сырттан тартылған сарапшылардың немесе мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерінің құжаттамасын әзірлеушілердің деректемелері мен байланыс деректері.
«MININGWELL SOLUTIONS» ЖШС: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, «Байқоңыр» ауданы, Ш.Иманбаев көшесі, №2 ғимарат, тел: +7 701 531 0511, e-mail: tulegen.zhakupov@gmail.com
(оның ішінде нақты атауы, заңды және нақты мекенжайы, БСН, ЖСН, телефондары, факстары, электрондық пошталары, сайттары)

8. Қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күн, уақыт, орын (қоғамдық тыңдаулардың ашық жиналысы өткізілетін күн (күндер) және уақыт): 2025 жылғы 23 желтоқсан, қатысушыларды тіркеу – 09:30, қоғамдық тыңдаулардың басталуы – 10:00, Қоғамдық тыңдаулар ашық жиналыс түрінде өткізілді, мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Аягөз ауданы, Малгелдин ауылдық округі, Қорық ауылы, «Абай облысы Аягөз ауданы Малгелдин ауылдық округі әкімінің аппараты», Байғотан би көшесі, 13 үй.
(қатысушыларды тіркеу басталатын күн, уақыт, қоғамдық тыңдаулардың басталатын уақыты, тыңдаудлар өткізілетін орынның толық және нақты мекенжайы. Қоғамдық тыңдаулар ұзартылатын жағдайда барлық күндер көрсетіледі)

9. Көзделіп отырған қызметтің бастамашысы жіберген сұрату хатының көшірмесі және қоғамдық тыңдауларды өткізу шарттарын келісу туралы әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органдары ұсынған жауап хаттың көшірмесі осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі.
*Сұрау хат пен жауап хаттың көшірмелері осы қоғамдық тыңдау хаттамасына 2,3 қосымшада ұсынылған.*

10. Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі.
*Қатысушыларды тіркеу парағы осы қоғамдық тыңдау хаттамасына 4-қосымшада ұсынылған.*

11. Қоғамдық тыңдаулардың өткізілетіндігі туралы ақпарат мемлекеттік және орыс тілдерінде мынадай тәсілдермен таратылды:

1) Бірыңғай экологиялық порталда: https://hearings.ndbecology.gov.kz/ «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімі Жарияланған күні: 10.11.2025 г

2) жергілікті атқарушы органның (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ресми интернет-ресурсында немесе әзірлеуші мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында: https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat?lang=ru

(ресми интернет–ресурстардың атауы, сілтемелер және жарияланған күні)

3) қоғамдық тыңдаулар басталған күнге дейін жиырма жұмыс күнінен кешіктірмей, бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде кемінде бір газетте және қатысы бараумақтың шегінде толық немесе ішінара орналасқан тиісті әкімшілік – аумақтық бірліктердің (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумағында таратылатын кемінде бір теле-немесе радиоарна арқылы бұқаралық ақпарат құралдарында:
«Аягөз жаңалықтары» газеті 08.11.2025 жылғы №43 (10990)
(газеттегі хабарландырудың атауын, нөмірін және жарияланған күнін көрсету, сондай-ақ газеттің сканерленген титулдық беті мен қоғамдық тыңдаулар өткізілетіндігі туралы хабарландыру берілген бетті қамтитын, сканерленген хабарландыруды қоса ұсыну)

«SEMEI» телеарнасы, жалға алу күндері 17.11.2025 - Эфирлік куәліктің электрондық нұсқасы осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасының 6-қосымшасында көрсетілген.
(теле немесе радиоарнаның атауын, хабарландыру жарияланған күнді көрсету, теле немесе радиоарнада жарияланған қоғамдық тыңдаулар өткізілетіндігі туралы хабарландырудың бейне және аудиожазбасы бар электрондық жеткізгіш қоғамдық тыңдаулардың хаттамасына қоса тіркелуі (жариялануы) тиіс)

4) мекенжайы бойынша дана хабарландыру әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) жергілікті атқарушы органдарының хабарландыру тақталарында және хабарландыруларды орналастыру үшін арнайы тағайындалған орындарда. Фотоматериалдар осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі.
Абай облысы, Аягөз ауданы, Малгелдин ауылдық округі, хабарландыруларды ауылдың қоғамдық жерлерінде, Қорық ауылдық округі әкімдігінің хабарландыру тақтасында орналастыру. Фотоматериалдар осы қоғамдық тыңдау хаттамасына қоса берілген.
Мәтіндік хабарландырулар электрондық нұсқада орналастырылған, хабарландыру тақтасынан алынған фотосуреттер осы қоғамдық тыңдау хаттамасының Қосымшасы 7-де көрсетілген..

12. Қоғамдық тыңдаулар 2025 жылдың 23 желтоқсан – сағат 10:00-де басталды:

*Қоғамдық тыңдаулардың төрағасы болып тағайындалады:*
Каратаева Баян Сериковна
*Қоғамдық тыңдауларды өткізу ережесіне сәйкес қоғамдық тыңдаулардың хатшысы жалпы дауыс беру арқылы сайланды:* Молтусинова Альмира Сергеевна

*«Жақтап» дауыс берді – 12 қатысушы, «бірауыздан»- 12 қатысушы, «қалыс қалды» 0 қатысушы.*

(хатшыны таңдау туралы. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың "қолдаймын", "қарсымын", "қалыс қаламын" деп дауыс бергендер санын көрсету)

*Ережелер:*

1. *Қоғамдық тыңдаулардың хатшысын сайлау – 1 мин.*
2. *Қоғамдық тыңдауларды ашу – 5 мин.*

*3. Баяндама түрінде жоба материалдарын таныстыру – 20 мин.*

*2. Сұрақтар мен жауаптар. Кез келген адам баяндамашыға сұрақ қойып, жоба бойынша өз пікірін айта алады. Ұсынылған уақыт шегі - 30 минут.*

*3. Қоғамдық тыңдауларды қорытындылау және жабу. Ұсынылған регламент – 5 мин.*

*«Жақтап» дауыс берді –12 қатысушы, «бірауыздан»- 12 қатысушы, «қалыс қалды» 0 қатысушы.*

13. Барлық тыңдалған баяндамалар туралы мәліметтер:
Баяндамашы:
***Каиргазина Айгуль Сакеновна – «Coppertan Mining» ЖШС.;***
(баяндамашының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)

***Баяндама тақырыбы «Аягөз ауданы, Абай облысындағы (Майқапшыған кен орны) учаскелерінде тәжірибелік-өнеркәсіптік мыс пен алтын өндіру мақсатында жүргізілетін барлау және тау-кен қазу жұмыстары жоспарына» қатысты ықтимал әсерлер туралы есеп. Қамтылған блоктар: M-44-121-(10г-5г-11), M-44-121-(10г-5г-12), M-44-121-(10г-5г-13), M-44-121-(10г-5г-18), M-44-121-(10г-5г-22), M-44-121-(10г-5г-23), M-44-121-(10г-5г-24), M-44-121-(10г-5г-25), M-44-121-(10д-5в-21), M-44-121-(10д-5в-22), M-44-121-(10д-5в-23), M-44-121-(10д-5в-24), M-44-121-(10д-5в-25) бойынша есеп.***
***Баяндама осы қоғамдық тыңдау хаттамасының Қосымшасы 5 ретінде ұсынылған, бет саны: 4.***
баяндаманың тақырыбы, беттердің, слайдтардың, файлдардың, плакаттардың, сызбалардың саны) Қоғамдық тыңдауларға шығарылып отырған құжаттар бойынша баяндамалардың мәтіні осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі

14. Мүдделі мемлекеттік органдар мен жұртшылықтың осы Қағидаларының 18-тармағына сәйкес жазбаша нысанда ұсынылған немесе қоғамдық тыңдауларды өткізу барысында айтылған барлық ескертулер мен ұсыныстарын, әрбір ескерту және ұсыныс бойынша бастамашының жауаптары мен түсініктемелерін қамтитын жиынтық кесте. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына мүлде қатысы жоқ ескертулер мен ұсыныстар кестеге "қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына қатысы жоқ" деген белгімен енгізіледі.

15. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың жоба және қаралатындардың сапасы туралы пікірі (негіздемесімен), құжаттардың, тыңдалған баяндамалардың толықтығы және оларды түсінудің қолжетімділігі тұрғысынан, оларды жақсарту бойынша ұсынымдар:
Қарастырылып отырған құжаттар мен тыңдалған есептердің сапасы туралы олардың түсінігінің толықтығы мен қолжетімділігі туралы ескертулер, оларды жақсарту бойынша ұсыныстар түскен жоқ.

(тегі, аты және әкесінің аты (болған жағдайда), лауазымы, ұсынылатын ұйымның атауы, пікірлері және ұсынымдары)

16. Қоғамдық тыңдаулар хаттамасына шағымдану Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес сот және сотқа дейінгі тәртіппен мүмкін болады.

17. Қоғамдық тыңдаулардың төрағасы: Каратаева Баян Ерлановна
Главный специалист 25.12.2025 [signature]
(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып табылатын ұйымның атауы, қолы, күні)

18. Қоғамдық тыңдаулардың хатшысы: Молдусынова Альбена Сергеевна
инженер-эколог „Coppertan Mining" ЖШС 23.12.2025г [signature]

**1 - Қосымша**

**Қоғамдық тыңдауларға дейін және оның барысында түскен ескертулер мен ұсыныстардың жиынтық кестесі**

| № пп | Қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстары (қатысушының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілдік ететін ұйымның атауы) | Ескертулер мен ұсыныстарға жауаптар (респонденттің тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілдік ететін ұйымның атауы) | Ескерту (алынып тасталған/алынбаған ескерту немесе ұсыныс, "қоғамдық тыңдау тақырыбына қатысы жоқ") |
|---|---|---|---|
| 1 | **Жергілікті тұрғынның сұрағы:** Біздің ауылға өте жақын екен, жеті киллометр деген түкте емес, бізде мал жайылады, ертен сіздер барлығын қазып кетсеңіздер біз малдарымызды қайда жібереміз? | **«Copperman Mining» ЖШС өкілі Кайнаров Н.Б.-нің жауабы:** Сұрағыңызға жауап берейін, мында жасалатын ол барлау-бұрғылау жұмыстары, скважиналардың диаметрі 10 см аспайды, бұрғыланып керн қалаға лабораторияға жіберіліп, зерттеу жұмыстарын жасаймыз. Одан бөлек геофизика геохимия зерттеулері, геофизика деген ол жердің бетімен аэромагнитный деген болады, дронмен ұшып өтіп зерттейтін болады, ол жерге әсер етпейді. Одан кейін камералдық өңдеу, камералдық өңдеу деген ол запастарды санау компьютерде жасалады. Бұл жерде карьер ондай нарселер болмайды, бұл тек іздестіру, жер қойнауын бағалау жұмыстары, ол жерде мыс барма алтын барма не бар деген сиякты. Қазіргі жоспарланған жұмыстар геолого разведка, бұрғылау және геофизика жұмыстары. | алынып тасталған |
| 2 | **Әкімнің сұрағы:** Жақсы дұрыстап қазып алып кеттініздер делік, кейін бірденке табылып қазу керек болса біз не істейміз? | **«Copperman Mining» ЖШС өкілі Кайнаров Н.Б.-нің жауабы:** Егерде бірдеңке табылса, ол кезде бөлек ашық тындаулар өткіземіз. Мысалға фабрика болатын болса оғанда бөлек өткіземіз. | алынып тасталған, |

Қоғамдық тыңдауларды өткізу қағидаларына 4-қосымша/
Приложение 4 к правилам проведения общественных слушаний

**АШЫҚ ОТЫРЫС ТҮРІНДЕГІ ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАРҒА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ/**
**ЛИСТ РЕГИСТРАЦИИ УЧАСТНИКОВ ОБЩЕСТВЕННЫХ СЛУШАНИЙ В ФОРМЕ ОТКРЫТОГО СОБРАНИЯ**

**Күні/Дата проведения:** 2025 жылы 23 желтоқсан сағат 10.00-де/23 декабря 2025 года в 10.00 часов
**Өткізілетін орны/Место проведения:** Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Аягөз ауданы, Малгелдин ауылдық округі, Қорық ауылы, «Абай облысы Аягөз ауданы Малгелдин ауылдық округі әкімінің аппараты», Байғотан би көшесі, 13 үй../ РК, область Абай, Аягозский район, Малгельдинский с.о., с.Корык, "Аппарат Акима Малгельдинского сельского округа Аягозского района области Абай" ул. Байғотан Би 13.

| № р/с/№ п/п | Қатысушының аты-жөні/Фамилия, имя, отчество (при его наличии) участника | Қатысушы санаты (мүдделі жұртшылықтың, жұртшылықтың, мемлекеттік органның өкілі, Бастамашы)/Категория участника (представитель заинтересованной общественности, общественности, государственного органа, Инициатора) | Байланыс телефон нөмірі/Контактный номер телефона | Қатысу форматы (жеке немесе конференц-байланыс арқылы)/Формат участия (очно или посредством конференцсвязи) | Қолы (ашық жиналысқа қатысқан жағдайда)/Подпись (в случае участия на открытом собрании) |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1 | Кайыров Нуби Базарбекович | Инициатор | 8-778-047-76-11 | оффлайн | [illegible] |
| 2 | Уашаганова Ж | разнорабочий | 87781588795 | оффлайн | [illegible] |
| 3. | Каскина Ж | уборщица | 87752213234 | оффлайн | [illegible] |
| 4 | Кобылбаева | | 87758311046 | оффлайн | [illegible] |
| 5. | Ажитканова А | завклуб. | 87783395183 | оффлайн | [illegible] |
| 6. | Ирманова И. | кітапханашы | 87029385791 | оффлайн | [illegible] |
| 7 | Иманкулова Ж | общественность | 87786360691 | оффлайн | [illegible] |
| 8 | Коккозов К. | общественность | 87754366968 | оффлайн | [illegible] |

| № р/с/№ п/п | Қатысушының аты-жөні/Фамилия, имя, отчество (при его наличии) участника | Қатысушы санаты (мүдделі жұртшылықтың, жұртшылықтың, мемлекеттік органның өкілі, Бастамашы)/Категория участника (представитель заинтересованной общественности, общественности, государственного органа, Инициатора) | Байланыс телефон нөмірі/Контактный номер телефона | Қатысу форматы (жеке немесе конференц-байланыс арқылы)/Формат участия (очно или посредством конференцсвязи) | Қолы (ашық жиналысқа қатысқан жағдайда)/Подпись (в случае участия на открытом собрании) |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 9 | Амиров Е. С | общественность | 8 7054691450 | офлайн | [signature] |
| 10 | Каратаева Б.С | зам. Акима общественность | 8 771 562 47 62 | офлайн | [signature] |
| 11 | Каиргазина А.С. | инициатор | 8705 530 76 99 | офлайн. | [signature] |
| 12 | Мамусынова А. С. | инициатор | 87056631586 | офлайн | [signature] |
| 13 | Аскаргалиева Альдана | главный специалист отдела эко регулирования УПР, РП области Абай | 87479805437 | онлайн | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |
| | | | | | |

# Aıaǵóz jańalyqtary

ГАЗЕТ 1930 ЖЫЛДЫҢ 4 ҚАЗАНЫНАН БАСТАП ШЫҒА БАСТАДЫ

№ 43 (10990) 8 қараша 2025 жыл E-mail: ayagoz.zhanalyktary@mail.ru


### ТҮЙЕ МОЙНЫН ТҮЗ КЕСЕР

Түйе мойнын түз кесер,
Жігіт мойнын қыз кесер,
Сартылдаған сары аяз,
Жылқының мойнын мұз кесер.
Бұлан да бұлан, бұлан сан,
Бұланның санын оқ тесер,
Бұландап жүрген жігіттің
Жомарт қолын жоқ кесер!

### ЖАҒАМА ҚОЛДЫҢ ТИГЕНІН

Жағама қолдың тигенін,
Жалғыздық, сенен көремін.
Жамаулы киім кигенім,
Жарлылық, сенен көремін.
Атадан тудым жалқы боп,
Жақыннан көрдім талқы көп,
Жасым жетпей он беске,
Қорғайтын жан адам жоқ.
Кәрі ақсайды ақылдан,
Ер ақсайды жақыннан,
Қазір әлсіз болсам да,
Үмітім бар ақырдан.
Жасым жетіп он беске,
Кірер ме екем кеңеске,
Бұғана қатып, бел бекіп
Ерегескен дұшпанмен
Шығар күн туса күреске!
Дұшпаннан көрген қорлығым
Сары су болды жүрекке.
Он жетіде құрсанып,
Қылыш ілдім білекке.
Жауға қарай аттандым,
Жеткіз деп, Құдай, тілекке!
Салпаң да салпаң жортармын,
Сары азбанға қосымды артармын.
Торлаусыз өскен құланмын,
Мезгілсіз жусап өрермін.
Байраққа біткен құрақпын,
Саусағым жерге түсірмен.
Жапанға біткен терекпін,
Еңсемнен жел соқса да теңселмен.
Қарағайға қарсы біткен бұтақпын,




Балталасаң да айрылман.
Сыртым құрыш, жүзім болат,
Тасқа да салсаң, майрылман!

### КҮЛДІР ДЕ КҮЛДІР КІСІНЕТІП

Күлдір де күлдір кісінетіп,
Күреңді мінер ме екенбіз,
Күдеріден бау тағып,
Ақ кіреуке киер ме екенбіз!
Жағасы алтын, жеңі жез,
Шығыршығы торғай көз
Сауыт киер ме екенбіз!
Ор қояндай жүгіртіп,
Аш күзендей бүгілтіп,
Жолбарыстай шұбарды
Таңдап мінер ме екенбіз!

Сол шұбарға мінген соң,
Қоңыраулы найза қолға алып,
Қоңыр салқын төске алып,
Қол төңкерер ме екенбіз.
Жалаулы найза жанға алып,
Жау қашырар ма екенбіз!
Тобыршықты әңдіген
Толтыра тартар ма екенбіз!
Тобылғы түбі құралай,
Бытыратып атар ма екенбіз!
Жарлауға біткен жапырақ –
Жамылсақ тоңар ма екенбіз.
Жазыққа біткен бүлдірген –
Сұғынсақ тояр ма екенбіз!

Жалғасы 2-бетте

# ӘДІЛДІКТІҢ АҚ ТУЫН ЖЕЛБІРЕТКЕН

### МАҚТАНШАҚ

*Жапалақ құс мақтанса,*
*«Жардан тышқан алдым» дер.*
*Жаман адам мақтанса,*
*«Жақсыны аяғынан шалдым» дер.*
*«Аузы-басын қан қылмай,*
*Қапыда не қып қалдым» дер.*
*Кеудесін қағып еліріп,*
*«Әкеден боқтап салдым» дер.*
*Тәрбиесіз тексізге,*
*Ұят пен арды кім берер.*
*Ағайынға қадірсіз,*
*Арсыздықпен күн көрер.*
*Әркімге бір соқтығып,*
*Берекені елден кетірер.*
*Өзінше елге мақтанып,*
*Қайдағыны мадақтап,*
*Үлгіні содан алдым дер.*

***

*Сыпайымен сырлассаң,*
*Іштегі сырын ашады.*
*Сұмпайымен сырлассаң*
*Жоқты-барды шатады.*
*Көргенсіз өскен алкеуде,*
*Төрден орын алады.*
*Сыпайы өскен абзал жан,*
*Босағада қалады.*




**Ақтайлақ би Байғараұлы 1720-1816 жылдар аралығында өмір сүрген. Найман ішінде Сыбан руының Жанкөбек тармағынан. Түп аталары нар дауысты Нарынбай, Қу дауысты Құттыбай, әулие Байғара ұлы даланың тағылымы зор, танымал тұлғалары болған. Ұлағатты ұядан нәр алған би атамыз орамды тіл, ордалы ойларымен, кесімді шешім айтып қалың халықтың алғысын арқалаған ардақты жан. Ол түрлі жиындарда кез келген адаммен сөз қағыстырға қалған жағдайда бір ауыз мақалмен немесе толғау жырымен ел тоқтататын қабілетке ие болыпты. Жасөскін шағынан топты орталарда тоқтамды сөздерімен, кесімді шешімдерімен дараланған дана баба шамамен 1720 жылы қазіргі Абай облысының Абай ауданы Құндызды өңірінде туып, жүзге қараған шағында дүниеден өткен. Кесенесі Абай облысы Аягөз ауданы Сарыарқа ауылының аумағында.**

**Тыңдағанға ой салып, ақылға ақыл қосатын Ақтайлақ бидің биыл 305 жылдығы. Газеттің алдағы санында ардақты баба туралы тағы да оқитын боласыздар.**

Жалғасы 2-бетте

# АЯГӨЗДЕ ЖАҢА МЕКТЕП ЖАРҚЫН ЖАҢАЛЫҚ



Білім – ақыл мен парасаттың белгісі болған асыл қазына. Білімді болу алдымызда тұрған үлкен белестеріміз бен мақсаттарымыздың биік шыңы болып саналады. Білім нәрімен сусындаған адамзат рухани тұрғыда көптеген жетістіктерге қол жеткізеді әрі өзіне жаңашылдық ашуға қабілетті болады. Өркениет көшінде алдыңғы толтан көріну үшін бәсекеге қабілетті болу үшін, білімді ұлт болу басты бағдар.

Ағымдағы жылдың тамыз айындағы деректерге сүйенсек елімізде соңғы жылдары салынған 1200 мектептің 217-сі – «Келешек мектептері» ретінде тіркелген. Оның 105-інің құрылысы аяқталған, ал қалған 112 мектеп 2025 жылдың соңына дейін пайдалануға беріледі. Осыншама мектептердің салынуы – соңғы 30 жылда болмаған серпін, бұл қалаларда ғана емес, ауылдық жерлерде де салынды. Сондықтан, бұл – тарихи рекорд. «Келешек мектептеріне» қабылдау – ата-ананың қалауымен жүзеге асып, кез-келген оқушы өз үйіне жақын орналасқан мектепке құжаттарын тапсырып, білім ала алады, яғни барлық бала үшін қолжетімді. Ел таңдауына ие болып отырған «Келешек мектептері» басқа оқу орындарынан ерекше білім ордасы.



Міне осындай керемет тағылымды білім ордасы Аягөзде ашылды. Өңіріміздегі алғашқы «Келешек» мектебі өз есігін айқара ашып, ел игілігіне берілді. Заманауи үлгіде салынған бұл білім ордасының ашылу салтанатына Абай облысының әкімі Берік Уәлиұлы мен Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрі Жұлдыз Досбергенқызы арнайы қатысып, ұстаздар мен оқушыларды қуанышты сәтпен құттықтады. Бұл тарихи сәт.

Жаңа мектеп — келешек ұрпақтың сапалы білім алуына бағытталған маңызды қадам. Мұнда оқу үдерісіне барлық жағдай жасалып, кең, жарық сыныптар, заманауи зертханалар, интерактивті тақталар мен цифрлық кабинеттер орнатылды.

Сонымен қатар, спорт зал мен кітапхана, шығармашылық үйірмелер қарастырылған.

Бұл - ұстаздар мен оқушылар үшін үлкен мәртебе әрі жаңа мүмкіндік. Енді Аягөз қаласының балалары заман талабына сай білім алып, өз қабілеттерін толық аша алады.

Аталмыш білім ордасының салынуы мен пайдалануға берілуі жолында еңбек сіңірген ел азаматтарына мың алғыс. Зәулім ғимарат, тағылым орталығының алғашқы кірпіші қаланғаннан құрлыс жұмыстарының соңғы нүктесі қойылғанға дейін жанын салып жұмыс атқарған, ерінбей еңбек еткен мекемелер мен мамандар бәрі-бәріне Алланың нұры жаусын.

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің төрағасы Сабильянов Нұртай Салихұлы өзінің әлеуметтік желісінде мынадай жазба қалдырып, жерлестеріне құттықтауын жолдады.

"Абай облысының Аягөз қаласында 2024 жылы құрылысы басталған 600 орындық мектеп ашылды.

Білім ордасы Президенттің тапсырмасына сәйкес қабылданған «Келешек мектептер» («Жайлы мектеп») ұлттық жобасы аясында салынды.

Жалғасы 6-бетте

## ҚАЗАҚ КҮРЕСІ ӘЛЕМ КУБОГІ

2025 жылдың 30-31 қазан аралығында, қазақ күресінен ересектер арасында Түркістан қаласында Қажымұқан Мұңайтпасов атындағы Әлем кубогы өтті.

Осы Әлем кубоғында Аягөз спорт мектебінің түлегі Қайратұлы Сұлтанбейбарыс 82 келі салмақ дәрежесінде ІІІ орын алды. Алғашқы жаттықтырушысы Бейсекин Манат Қанғатұлы.



## АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫ

2025 жылдың 27-29 қазан аралығында, Түркістан қаласында қазақ күресінен ересектер арасында Азия чемпионаты өтті.

Осы чемпионатта Аягөз спорт мектебінің түлегі Тұрсынғазиев Нұрғали 66 келі салмақ дәрежесінде жеңімпаз атанды. Алғашқы жаттықтырушысы Шуақбаев Еркін Рамазанұлы.

## ОБЛЫСТЫҚ ТУРНИР



2025 жылдың 24-27 қазан аралығында, Шар қаласында Қазақ күресінен 2013-2014 ж.т. жасөспірімдер арасында « Қазақ күресінен ардагерлер арасында ҚР чемпионы, Самбо күресінен әлем чемпионы, Жарма ауданының құрметті азаматы Қали Иманбаевты» еске алуға арналған облыстық турнир өтті. Қатысқан командалар: Семей, Шар, Аягөз қалалары, Жарма, Ақсуат, Алтай, Көкпекті аудандары. Аягөз спорт мектебінен қатысқан оқушылыр төмендегі нәтижеге қол жеткізді.

35 келі салмақта ІІ-орын Қойкелді Ерасыл (жаттықтырушысы Е.Шуақбаев)

ІІІ-орын Сарқыт Бақытжан (жаттықтырушысы А.Ағзамов)

ІІІ-орын Әбілбек Мирас (жаттықтырушысы М.Жанатаев)

38 келі салмақта ІІІ-орын Асетұлы Арсен (жаттықтырушысы М.Мұхамедиев)

ІІ-орын Бейсенбек Ерқанат (жаттықтырушысы Д.Нүсіп)

42 келі салмақта ІІІ-орын Бекен Мирас (жаттықтырушысы М.Мұхамедиев)

ІІІ-орын Тәңірберген Дамир (жаттықтырушысы М.Бейсекин)

46 келі салмақта ІІІ-орын Аманжол Дулат (жаттықтырушысы Ш.Досаев)

50 келі салмақта І-орын Марат Абылай (жаттықтырушысы М.Мұхамедиев)

ІІІ-орын Ильяс Ислам (жаттықтырушысы Ш.Досаев)

55 келі салмақта ІІІ-орын Рысбек Олжас (жаттықтырушысы Ш.Досаев)

60 келі салмақта ІІІ-орын Ағыдай Нұрым (жаттықт. Ш.Досаев)



**БИМУСИНА**

**МЕЙРАМХАН БИЗАҚҚЫЗЫНЫҢ**

**өмірден өткеніне 40 күн**

Құрметті ағайын-туыс, аға-бауырлар, құда-жекжат, көршілер, әріптестер, достар, жалпы бізді танитын, біздің әулетті сыйлайтын барға жамағат Сіздерді асыл анамыздың 40 күндік асына шақырамыз. Ас 15 қараша күні, сағат 12-00 де Сарыарқа ауылында "Данияр" мейрамханасында беріледі.

Ас берушілер, балалары, Бимусиндер әулеті.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

**«COPPERMAN MINING» ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.**

1. «COPPERMAN MINING» ЖШС тарапынан әзірленген «Аягөз ауданы, Абай облысындағы (Майқапшыған кен орны) учаскелерінде тәжірибелік-өнеркәсіптік мыс пен алтын өндіру мақсатында жүргізілетін барлау және тау-кен қазу жұмыстары жоспарына» қатысты ықтимал әсерлер туралы есеп. Қамтылған блоктар: M-44-121-(10г-5г-11), M-44-121-(10г-5г-12), M-44-121-(10г-5г-13), M-44-121-(10г-5г-18), M-44-121-(10г-5г-22), M-44-121-(10г-5г-23), M-44-121-(10г-5г-24), M-44-121-(10г-5г-25), M-44-121-(10д-5в-21), M-44-121-(10д-5в-22), M-44-121-(10д-5в-23), M-44-121-(10д-5в-24), M-44-121-(10д-5в-25).

2. Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Аягөз ауданы.

Жұмыс жүргізілетін учаскенің жалпы ауданы – 36,7 км². Координаттар:

1. 48°22'59" с.е., 78°5'00" ш.б.;
2. 48°23'00" с.е., 78°8'00" ш.б.;
3. 48°20'60" с.е., 78°15'00" ш.б.;
4. 48°19'60" с.е., 78°14'60" ш.б.;
5. 48°19'60" с.е., 78°6'00" ш.б.;

3. Қоғамдық тыңдаулар өткізілетін орны мен уақыты:

Қоғамдық тыңдаулар 2025 жылғы 23 желтоқсанда сағат 10:00-де келесі мекенжайда өтеді: Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Аягөз ауданы, Малгелдин ауылдық округі, Қорық ауылы, «Абай облысы Аягөз ауданы Малгелдин ауылдық округі әкімінің аппараты», Байғотан би көшесі, 13 үй.

4. Көзделіп отырған қызметтің бастамашысы: «COPPERMAN MINING» ЖШС. Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Әл-Фараби көшесі, 38-үй. БСН: 231040040800, Тел.: 8-705-663-15-86. E-mail: albina1698@mail.ru.

5. Жобалық құжаттаманың әзірлеушісі: «MININGWELL SOLUTIONS» ЖШС: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қ., «Байқоңыр» ауданы, Ш. Иманбаев көшесі, 2-үй, тел: +7 701 531 0511, e-mail: tulegen.zhakupov@gmail.com.

6. Жобалық құжаттамамен https://hearings.ndbecology.gov.kz/ бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ Абай облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының сайтындағы «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде танысуға болады.

7. Алдағы қызмет туралы қосымша ақпаратты, қоғамдық тыңдаулардың өткізілуін, сондай-ақ қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін сұрату үшін мына мекенжайлар бойынша хабарласа аласыз: «COPPERMAN MINING» ЖШС. Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Әл-Фараби көшесі, 38-үй. БСН: 231040040800, Тел.: 8-705-663-15-86. E-mail: albina1698@mail.ru.

8. Ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдауларға 3 жұмыс күнінен кешіктірмей мына электронды мекенжайлар бойынша қабылданады: ndbecology.gov.kz; prirodnyye_resursy_obl.abay@mail.ru, пошта арқылы – Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Семей қ., Турлыханов көшесі, 30-үй.

Қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін 2025 жылы 23 желтоқсанда сағат 10:00-де төмендегі сілтеме арқылы өту қажет:

**https://us06web.zoom.us/j/4692304157?pwd=V2EYfEOayAbsZDetAVjrsmo3b8oDks.1&omn=87583387837**

Конференция идентификаторы: 469 230 4157

Қатысу коды: V0HuPL

Тіркеу талқылау басталғанға дейін 30 минут бұрын басталады. Қосылу мәселелері бойынша қызмет бастамашысының телефондарымен хабарласуға болады.

Егер аудармада қосымша өзгерістер немесе түсіндірулер қажет болса, хабарласыңыз!

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

**ТОО «COPPERMAN MINING», в соответствии с требованиями Экологического кодекса РК, уведомляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания.**

1. Наименование проекта: Отчет о возможных воздействиях к «План разведочных работ с проведением горно-вскрышных работ в целях опытно-промышленной добычи меди и золота на блоках: M-44-121-(10г-5г-11), M-44-121-(10г-5г-12), M-44-121-(10г-5г-13), M-44-121-(10г-5г-18), M-44-121-(10г-5г-22), M-44-121-(10г-5г-23), M-44-121-(10г-5г-24), M-44-121-(10г-5г-25), M-44-121-(10д-5в-21), M-44-121-(10д-5в-22), M-44-121-(10д-5в-23), M-44-121-(10д-5в-24), M-44-121-(10д-5в-25) Участка в Аягозском районе, области Абай «(Месторождение – Майкапшиган)»

2. Территория воздействия: РК, область Абай, Аягозский район. Площадь участка работ составляет – 36,7 км2.

Координаты:

1) 48°22'59"с.ш., 78°5'00"в.д.;
2) 48°23'00"с.ш., 78°8'00"в.д.;
3) 48°20'60"с.ш., 78°15'00"в.д.;
4) 48°19'60"с.ш., 78°14'60"в.д.;
5) 48°19'60"с.ш., 78°6'00"в.д.;
6) 48°21'60"с.ш., 78°4'60"в.д.

3. Общественные слушания состоятся: 23 декабря 2025 года в 10.00 часов по адресу: РК, область Абай, Аягозский район, Малгельдинский с.о., с.Корык, "Аппарат Акима Малгельдинского сельского округа Аягозского района области Абай" ул. Байготан Би 13.

4. Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «COPPERMAN MINING» Адрес: Казахстан, г.Алматы, Медеуский р-н, ул.Аль-Фараби, дом 38. БИН: 231040040800. тел. 87056631586. e-mail: albina1698@mail.ru.

